



ПРИОЗЁРСКИЙ

18+

№ 19/663

08 мая 2020 года

Вестник

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ!

Құрметті Әріптестер!

Уважаемые коллеги!

Сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймыз! Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Отты жылдары Қазақстаннан миллионнан астам жерлесіміз майданға аттанып, жартысынан көбі үйлеріне оралмады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз.

Осы мерекеде Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!

Құрметпен


Қала әкімі

Қ.Камзин

Қалалық мәслихатының

хатшысы

Б.Сәрсембеков



Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником – Великой Победой!

Несмотря на то, что прошло уже немало лет, Великий Подвиг бессмертен и в каждой семье есть свои герои и своя память о тех главных днях для нашей страны.

Победа была так давно... Сменились поколения, мы стали взрослыми, и теперь пришел наш черед стоять на страже мира и заботиться о том, чтобы он был благополучным!

С искренним, сыновним почтением преклоняем мы перед ветеранами колени. Та дорога по которой мы идем, выложена и выстрадана ихним подвигом, во имя нашего светлого будущего.

В этот день, памятный и для всех вас, и для нас, хочется еще раз выразить огромную благодарность и как же хочется от всей души пожелать мира и тепла каждому дому. Сказать спасибо, за наш светлый мир вокруг, за нашу свободу, за Вашу победу. Позвольте пожелать Вам крепкого здоровья, долгих лет и заслуженного счастья!

С уважением

Акиа города

Секретарь

городского маслихата

К.Камзин

Б.Сәрсембеков

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Соғыс – талай жанның, қыршындарың жанын қияды. Әйелдер жесір қалып, балалар жетім атанады. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері аттай 75 жыл өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ, ештеңе ұмыт болған жоқ. Етегімен су кешіп, жалаңаяқ жар кешіп, толарсақтан қан кешіп, майдан далаларында елін басқыншы жаудың тырнағынан босату үшін қаншама өрендеріміз жаумен шайқасты. Олардың осынау ерлік істері ұмытала ма? Жоқ, ұмытылмақ емес!

Бұл соғысқа біздің қаламыздың тұрғындары да қатысқанын білеміз. Олардың арасында ардақты аналарымыз Аймерке Көбеева, Алексеева Валентина Михайловна, ер-азаматтардан – Морозов Иван Павлович, Удилов Георгий Иванович, Москаленко Николай Варфоломеевич, Орынбай Унтаков, Балтабай Маханбетшин, Чернев Василий Алексеевич, Зябчук Василий Иванович және Картошов Иван Васильевич секілді ардагерлеріміз бар. Соғыстың алау-өргінен, жаңбырша жауған оқ пен снарядтардан, жарылып жатқан миалардан аман-сау оралған бұл жандар бейбіт күндегі еңбекте де өздерінің жанқиярлық істерін көрсете білді. Аталған ардагер аталарымыз бен әжелеріміз өз ерліктерінің арқасында мемлекеттік орден, медальдармен марапатталды. Олардың қаһармандық істері біздің жадымызда мәңгі сақталып қалатыны сөзсіз!

Биылға Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойы көпшілікпен бірге аталып өтпейтіні өкінішті. Бұның себебі әлемде және елімізде тараған жұқпалы дерттің кесірі. Алайда, біз бен сіз ардагерлерімізді еске алып, олардың ерліктерін, еңбектерін дәріптеуге, жас ұрпаққа үлгі етуге міндеттіміз. Сондықтан да, газетіміз арқылы мақала жазуды өз парызымыз деп санаймыз...

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін

ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕНЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Немеңе жетістің бала батыр,

**Қариялар азайып бара жатыр
Бірімініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,**

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қиамстық, сыйластық сезімдері мөлдiреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын көзімізбен көріп жүрміз. Әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Және де бұл – Ұлы Жеңістің жетпіс бес жылдығы. Мерейлі дата. Бұл күннің толғағы ашы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған артағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – өрине, бірлік, өзара татулық. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс сол кездегі он бес одақтас, жиырма автономиялық болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

**Москва, сенің іргеңді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,**

**Саған қауіп төнгенде
Жаутаянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасың үн қосып,**

Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған Нүрпейіс Байғанидін өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды



талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парактарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына шынайы көз жеткіземіз. Оған мысал, айқас аландарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Кеңес Одағының батыры атағын кеш болса да алған Бауыржан Момышұлы атамыздың майдандағы аңызға бергісіз

қаһармандығының, көреген командир, ұйымдастырғыш басшы, қамқор жетекші болғандығы бізге кітаптардан және ел аузынан белгілі. Найзағайдай жарқылдаған, отты ойы бар, қаһарлана сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесінен гөрі ұрпақ мүддесін артық ойлаған, қара қылды қар жартын әділдіктен жаралған ойы тұңғық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, әжелер ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге Күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлік істерін Ауған соғысына қатысып, елге аман-есен оралған жерлестеріміз жалғастырды.

Қазіргі таңда оларға соғыс ардагерлерімен тең дәрежедегі мәртебе берілді. Ауған соғысы ардагерлерінің де ерліктері елеусіз қалмақ емес. Сол азаматтарымыздың құрметіне қаламызда ескерткіш тақта орнатылды. Сонымен қатар майданда қырғын соғыс жүріп жатқанда, тылдағы еңбекке бала кезінен араласып, Жеңісті жақындата

түсуге орасан үлес қосқан тыл ардагерлерінің де елеулі еңбектерін атап өткеніміз жөн болар. Бүгінде қалалық ардагерлер ұйымында отызға жуық тыл ардагерлері тіркелген. Тыл ардагерлері қалалық әкімдіктің, әлеуметтік мекеменің назарынан тыс қалмай, оларға барынша жан-жақты көмек көрсетіліп отырғанына хабардармыз. Олар біздің кешеміз, бүгінгіміз, тарих беттерінде қалатын ертеңіміз. Ерліктері мен еңбектері ұрпаққа үлгі-өнеге, ғибрат болып қала беретіні айқын.

Ұлы Жеңістің 75 жылдық мерейтойы құтты болсын, ардақты ардагерлер және қала тұрғындары!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

Суретте: Ауған соғысының ардагерлері газет тілшісіне сұқбат берді.

ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН !

Құрметті Әріптестер!

Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Отан қорғаушы!

Қандай қасиетті де құдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы.

Бұл күні біз қарулы күштер қатарында қызмет еткендер мен сапта жүргендерге құрмет көрсетеміз. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір қазақстандықтың қауіпсіздігін қорғаушылар мен өз еліне шексіз берілгендер де сондай ілтипатқа ие.

Қымбатты қазақстандықтар!

Бүгін ерекше күн. Сіздерге шын жүректен бақыт пен татулық, әрбір отбасына ізгілік пен игілік тілеймін. Ардагерлер мен жауынгер-леріміздің дені сау болып, сарбаздар мен қолбасшыларымыз табысты қызмет ете берсін. Ержүрек те жігерлі адамдардың бұл мерекесі әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкеле берсін!

Ізгі тілекпен;

Қала әкімі

Қалалық мәслихатының

хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков



С ДНЁМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА !

Уважаемые коллеги!

Поздравляем Вас с государственным праздником 7 мая - с Днем защитника Отечества!

Этот праздник – символ мужества и героизма, доблести и отваги. Во все времена солдаты и офицеры, чья почетная профессия – защищать Родину, самоотверженно отстаивали суверенитет и целостность, обеспечивая мирный труд граждан, развитие и процветание нашей великой Родины.

Защита Родины – святой долг каждого гражданина. Каждый, кто прошел нелегкую воинскую школу знает, насколько важны в человеке такие качества как сила и выносливость, поддержка и взаимовыручка.

Дорогие казахстанцы!

Желаем Всем крепкого здоровья и удачи в делах!

Пусть рядом всегда будут близкие люди и верные друзья, а в семьях царит мир и счастье!

С уважением;

Акима города

Секретарь

городского маслихата

К.Камзин

Б.Сәрсембеков

ПРОЕКТ «ДОРОГА ПАМЯТИ», ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В НЕМ МОЖЕТ КАЖДЫЙ

«Дорога памяти» — это постоянно обновляемый новыми сведениями и фотографиями ресурс, а также интерактивная площадка для создания истории каждой семьи, чьи родственники участвовали в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.

О проекте «Дорога памяти»

Проект «Дорога памяти» реализуется Министерством обороны Российской Федерации в рамках утвержденного Президентом РФ перечня поручений по совершенствованию мер, направленных на увековечение памяти о защитниках Отечества.

«Дорога памяти» — это общедоступная единая база данных о каждом участнике Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Свое продолжение «Дорога памяти» найдет в виде крупнейшего памятника с именами и портретами героев Великой Отечественной войны на территории военно-патриотического парка культуры и отдыха «Патриот», где к 75-летию Великой Победы строится Главный храм Вооруженных Сил России. К храмовому комплексу будет проложена дорога памяти — мемориал, увековечивающий миллионы имен участников войны, отчаянно сражавшихся за Родину. Именные записи, дополненные портретами, навсегда останутся в сердцах потомков. Это памятное место, где судьбы героев Великой Отечественной войны будут увековечены, а их имена навсегда запечатлены на мемориале «Дорога памяти», представляющем собой крупнейший военно-исторический памятник.

Министерство обороны России призы-

вает граждан направлять имена и фотографии предков, боровшихся с фашизмом в годы Великой Отечественной войны с 1941 по 1945 гг. Результатом соотнесения архивных документов и создания перечня участников войны станет единая база данных насчитывающая почти 30 млн записей обо всех солдатах и офицерах, воевавших на стороне Красной армии. После формиро-



вания именных списков предстоит огромная работа по поиску и наполнению информационного ресурса портретами участников войны, идентификации и соотнесению их с данными и документами по каждой персоне.

К сбору фотографий из семейных архивов для нанесения их на мемориал привлекаются потомки участников Великой Отечественной войны. Для этой цели на

портале разработан специальный функционал, позволяющий легко осуществлять загрузку изображений с привязкой к персоналии. Для удобства пользователей на портале предусмотрены алгоритмы интеллектуального поиска, автоматически подбирающие документы и сведения по заданному запросу об участниках войны. Все загруженные материалы пройдут моде-

рацию, обработку и будут соотнесены с уже существующими данными.

Порядок внесения данных об участниках Великой Отечественной войны

1. Направление сведений через Интернет.

Для того, чтобы фотографии и данные об

К 75-летию Победы в Великой Отечественной войне

участниках Великой Отечественной войны попали в экспозицию мультимедийного музея, необходимо лишь загрузить информационные материалы о них на Интернет-сайт «Дорога памяти» (<https://foto.pamyat-naroda.ru/>).

С этой целью потребуется внести в форму на сайте минимальный набор сведений: фамилию, имя, отчество, год или точную дату рождения и фотографию участника Великой Отечественной войны.

Вся эта информация будет привязана к данным, уже имеющимся на сайте «Память народа» (<https://pamyat-naroda.ru/>). Таким образом, пользователь сможет ознакомиться с их полным перечнем и дополнить свой семейный архив.

После окончания проверки и объединения всех данных пользователь получит электронное письмо со ссылкой на сведения записи со всеми прикрепленными к ней документами.

2. Направление сведений почтой

Сведения об участнике войны также можно направить по почте на адрес: 119160, г. Москва, Большой Знаменский пер., д. 8/1. На конверте необходимо сделать пометку (надпись) - «Дорога памяти».

Консультативная поддержка участников проекта по вопросам направления сведений почтой оказывается по следующим телефонным номерам: +7 (495) 696-71-32 или +7 (495) 696-71-36.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г. Приозерск»

Эхо войны



ЕЩЕ ОДИН ВОИН ОБРЕТАЕТ СВОЕ ПОСЛЕДНЕЕ ПРИСТАНИЩЕ НА РОДИНЕ

5 мая в Москве в посольстве Казахстана в России состоялась передача останков погибшего в годы войны казахстанского солдата, воина РККА, уроженца Карагандинской области Медета Аманжолова, 1917 г.р., передает Liter.kz.

Останки солдата из Шетского района Карагандинской области нашли сотрудники молодежной общественной организации «Поисковое объединение «Тризна» в поле возле деревни Алексеевка Смоленской области. Боец пропал без вести 4 октября 1942 года после ожесточенного боя с немцами.

Место призыва и фамилию погибшего бойца удалось установить с помощью «солдатского медальона», который лежал рядом с останками. Медальон — это металлический футляр, который каждый солдат Великой Отечественной войны носил с собой.

Внутри футляров обычно были записки с указанием полных анкетных данных,

званием, местом призыва для быстрого установления личности солдата в случае его гибели. Согласно данным Аманжолов М. служил «разведчиком ОРП 125 осбр».

Неоценимую помощь в розыске родственников оказал представитель Казахской диаспоры в России Джамалов Полат Онерович, за что ММО «Поисковое объединение» «Тризна» выражает ему глубокую и сердечную благодарность. Останки воина доставлены в Казахстан самолетом военно-транспортной авиации ВВС МО РК.

«Родственники солдата нашлись. Теперь планируется перезахоронить его на Родине со всеми почестями», — сообщили в посольстве Казахстана в России.

«Медет — это родной брат моего дедушки. К сожалению, дед уже нет, он скончался. Но он всегда искал своего брата, ходил в архивы, запрашивал в военкомате сведения. Я очень благодарен представителям поисковой организации за то, что нашли останки близкого нам человека. Уже миновало почти 80 лет с



момента смерти Медета. Ему было 24 года», — рассказал Арман Аманжолов.

Межрегиональная молодежная общественная организация «Тризна» существует с 1996 года и в настоящее время насчитывает около 700 человек в составе 28 отрядов. Среди членов организации есть и казахи.

По материалам интернет-ресурсов РК и РФ



БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«ЖЕҢІС» ЖОБАСЫНЫҢ ВОЛОНТЕРЛЕРІ АРДАГЕРЛЕРГЕ КАРАНТИН КЕЗІНДЕ КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ

«Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасының волонтерлері Қазақстанның 35 қаласынан 640 ҰОС ардагері мен тыл еңбеккеріне көмек көрсетті. Жыл соңына дейін барлығы 1500-ден астам ҰОС қатысушылары мен тыл еңбеккерлерін әлеуметтік-тұрмыстық көмекпен қамтамасыз ету жоспарлануда.



Карантин кезінде еріктілер бірінші кезекте қажетті азық-түлік өнімдерін жеткізеді. Жалғыз тұратын немесе денсаулығы және әлеуметтік жағдайына байланысты көмекке мұқтаж адамдарға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл ретте карантин шарттарымен бекітілген барлық сақтық шаралары сақталады: байланысыз жеткізу, қашықтықты сақтау, медициналық маскалар мен қолғаптар.

Жоба «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ жанындағы Әлеуметтік жобалар қорымен бірлесіп жүзеге асырылады. Волонтерлер қатарына «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері мен ҚР белсенді азаматтары кіреді.

«Бүгінде жобаға «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компаниялар қызметкерлерінен 200 ерікті қосылды және Біз Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмектесуге ниет білдірген еліміздің барлық азаматтарын қосылуға шақырамыз», - дейді «Samruk-Kazyna

Trust» Қорының ресми өкілі Мирас Іргебаев.

Айта кетейік, «Жеңіс» жобасының мақсаты - ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне жүйелі көмек көрсету. Волонтерлер қарт адамдарға шаруашылық бойынша көмектеседі: үй мен ауланы тазалау, азық-түлік пен дәрі-дәрмек сатып алу, ең бастысы - олармен әңгімелесіп, уақыт өткізу. Жоба жұмысының 5 жылы ішінде ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне 10 000-нан астам волонтерлік рейд жасалды.

«Мен «Жеңіс» жобасымен биыл таныстым және ауқымды волонтерлік қозғалыстың бір бөлігі болғанымға өте қуаныштымын. Менің командамда қазіргі уақытта 18 адам, біз үнемі рейдтер өткізіп тұрамыз және осы уақытқа дейін Алматы қаласының 40-тан астам ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне көмек беріп үлгердік. Карантин жағдайында еріктілердің жұмысы маңызды болып табылады. Ардагерлерге көмек көрсету, оларды қолдау, оларға қамқорлық жасау - мені жасампаздыққа үйретеді», - дейді «Жеңіс» жобасының Алматы қ. бойынша үйлестірушісі, «ҚТЖ - Жүк тасымалы» АҚ - «ЖТ Алматы бөлімі» вагон шаруашылығы қозғалысының қауіпсіздігі бойынша ревизор Диас Байғонусов.

Сондай-ақ, 2020 жылы Қазақстан мен ТМД елдері аумағында 1935 жылдың 31 желтоқсанына дейін туған ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне тегін темір-жол жол жүруін ұсыну бойынша науқан жалғастырылатын болады. Билетті ресімдеу үшін темір жол кассаларына барып, өзімен бірге ҰОС қатысушының немесе мүгедектігі туралы жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы мен куәлігі, ал тыл еңбеккерлеріне арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы белгісі бар зейнеткерлік куәлігі болуы қажет. Науқанның мүмкіндіктерін карантин режимін аяқталғаннан кейін бірден пайдалануға болады.

Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры Корпоративтік коммуникациялар департаменті

Ізгілікті істен құр қалма!

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІСІ ЖАЛҒАСУДА

Қалалық «Приозерский вестник» газетіне және әлеуметтік желі арқылы қасиетті Рамазан айында қайырымдылық шараларының қалалық мешіт арқылы жасалып жатқандығы туралы мақалалар жарияланғаннан кейін өзге жұртқа да ықпалы тигені байқалады.



Өткен жұма күні қала мешітіне қатынап тұратын, бес уақыт намазын қаза қылмайтын, иманды жастар өз тараптарынан қайырымдылық шарасына қатысу мақсатында отыз әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы және жалғыз басты аналар отбасыларына азық-түлік таратуды жөн санап, мешітке әкеліп берді. Оның ішінде 5 келі ұн, 2 келі қант, 2 келі күріш, 4 келі макарон өнімдері, 1 келі тұз, 5 келі картоп, 3 келі пияз, 2 келі сәбіз, 2 л. сұйық май, 30 дана жұмыртқа, 1 л. сүт, 1 келі тауық еті, 250 гр. қара шай, 1 пәшкі порошок, 1 құты белизна, 1 дана сабын мен 3 нан жиынтығы

бар. Бұл азық-түлік пен үй шаруашылығына қажетті заттар отбасының жыртқығын жамап тастамаса да, біраз күнге талғажау болатыны анық.

Сонай-ақ осы жұма күні тағы бір әйел өз үйінен қолдан пісірген жиырмашақты нан әкеліп тапсырған. «777» супермаркетінің иесі Насиба Жасарова қарамағында жұмыс істейтін ұжымындағы отызшақты адамға азық-түлікпен толтырылған жәшікті ұсынған. Қасиетті ораза айында жасалынып жатқан қайыр-шапағаттар әлі де жалғасын таба берсін, қайырымды жандардың жасап жатқан ізгілікті істерінің берекесін берсін, Алла олардың қайырымның еселеп қайтарсын деп тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ. Суреттерде: садақа үшін әкелінген азық-түліктер



ПРЕСС-РЕЛИЗ

ВОЛОНТЕРЫ ПРОЕКТА «ЖЕҢІС» ПОМОГАЮТ ВЕТЕРАНАМ ВО ВРЕМЯ КАРАНТИНА

Волонтеры социально-благотворительного проекта «Жеңіс» оказали помощь 640 ветеранам ВОВ и труженикам тыла из 35 городов Казахстана. Всего до конца года планируется обеспечить социально-бытовой помощью более 1500 участников ВОВ и тружеников тыла всей стране.

В период карантина волонтеры доставляют продовольственные продукты первой необходимости. Особое внимание уделяется тем людям, которые проживают в одиночестве или испытывают необходимость в помощи в связи с состоянием здоровья и своего социального положения. При этом соблюдаются все меры предосторожности, продиктованные условиями карантина: бесконтактная доставка, соблюдение дистанции, медицинские маски и перчатки.

Проект реализуется Фондом развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» совместно с Фондом социальных проектов при АО «НК «Қазақстан Темір Жолы» от лица всей группы компаний АО «ФНБ «Самрук-Қазына». В волонтерские ряды входят работники группы компаний АО «Самрук-Қазына» и активные граждане РК.

«Сегодня в проект вовлечено уже 200 волонтеров из числа работников портфельных компаний АО «Самрук-Қазына» и мы приглашаем присоединиться к нам всех неравнодушных граждан страны, желающих помочь ветеранам и труженикам тыла ВОВ», - говорит официальный представитель Фонда «Samruk-Kazyna Trust» Мирас Іргебаев.

Напомним, цель проекта «Жеңіс» - оказание системной помощи и социально-бытовой поддержки ветеранам и труженикам тыла. Волонтеры помогают пожилым людям по хозяйству: убираются в доме и во дворе, покупают продукты и лекарства, беседуют с ними. За 5 лет существования проекта к ветеранам и труженикам тыла было совершено более 10 000 волонтерских рейдов.

«В проект «Жеңіс» я пришел в этом году и очень рад стать частью масштабного волонтерского движения. В моей команде в настоящее время 18 человек, мы регулярно проводим рейды и уже навестили более 40 ветеранов и тружеников тыла г. Алматы. В условиях карантина работа



волонтеров стала одной из значимых. Помогать ветеранам, поддерживать их, сопереживать и заботиться о них - призвание, которое приучает меня к созиданию», - сказал координатор проекта «Жеңіс» в г. Алматы, ревизор по безопасности движения вагонного хозяйства АО «КТЖ - Грузовые перевозки» - «Алматинское отделение ГП» Диас Байғонусов.

В 2020 году также будет продолжена акция по предоставлению бесплатного железнодорожного проезда ветеранам ВОВ и труженикам тыла, рожденным не позднее 31 декабря 1935 года, по территории Казахстана и стран СНГ. Для оформления билета, необходимо обратиться в железнодорожные кассы и иметь при себе оригинал документа, удостоверяющего личность и удостоверение участника или инвалида ВОВ, а труженикам тыла - пенсионное удостоверение с отметкой о назначении специального государственного пособия. Воспользоваться акцией можно будет сразу после отмены режима карантина.

Департамент корпоративных коммуникаций Фонда развития социальных проектов

Қысыл-таяңдағы жәрдем

ҚАЙЫРЫМ – ШЕНДЕДЕН, ҚАБЫЛ ЕТУ – АЛЛАДАН!

Көшеге шыққан сайын жүретін жолым мешіттің дәл түбінен өтеді. Мешіттің имамы Дәуіт Сейтқалиұлы мешіттің ауласындағы тал-дарақтарға су құйып, өсірген гүлдерін баптап жүрген боп қалады кейде. Ондай сәтте әдейі бұрылып, амандасып, жай-жапсар сұрасып, біраз әңгімелесіп қаламыз. Жас та болса, білетіні мен айтатыны бар, имам атына лайықты иманы мол жігітпен әңгімеміз жарасады.

Қазақтың осындай иман жүзді, елді алааламайтын жігіттері көп болса екен деп тілеп жүремін әрдайым. Жаңа көшеден қайтып келе жатып арнайы бұрылдым мешітке. Тағы да әңгіме-дүкен құрып, біраз тұрып қалдым.

–Мына қиыншылық кезде тегін нан таратып жатқанымызды естіген біраз азаматтар Рамазан айындағы қайырым-садақаларын мешіт арқылы жасауды ұйғарған секілді. 27-сәуір күні бірнеше жігіт 100 нан мен отбасыға аса қажетті азық-түліктерді (күріш, макарон, сұйық май т.б.) бізге әкеліп берді. Есімдерін атамауды өтінген азаматтардың жеткізіп берген азық-түліктері мен нандары жалғыз басты аналарға, жағдайы төмен, әлеуметтік жағынан аз қамтылған, жоқ-жітік отбасыларына таратылды. Оларға өзіміз қоңырау шалып, шақырып алып отырамыз. Тізімін жасап қойғамыз. Жалпы алғанда осындай қайырымдылық шараларын үгіт-насихаттап отырған жөн деп ойлаймын. Себебі діннен және оның қағидаларынан хабарсыз, садақаны қайда, қалай жасайтынын білмейтін жандар бар екенін байқап жүрміз. Бұндай түсінік, насихат жұмыстары сондайлар үшін өте қажет. Құдайдан ұл тілеп жүрген бір келіншек садақа ретінде 20 нан алып келді. Дұғамызды жасап, қарындастың тілегін Алла қабыл етіп, тілегінің орындалуын сұраймыз Жаратқан иеден. Осындай мейірімділік, қайырымдылық шараларынан ірі сауда нүктелерін ұстап отырған кәсіпкерлер де тыс қалмаса екен, – деді ол әңгіме барысында.



Шынымен де, біз де ондай кәсіпкер азаматтардан осындай ізгілікті істен жырақ қалмаса екен деп тілейміз. Әр адамның жасаған қайырымды ісі Алла тарапынан қабыл, қайтымды болғай!

Ұстаған оазаларың, жасаған қайырымдылықтарың мен дұға-тілектерің қабыл болсын, ағайын!

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ЕЛІМІЗ БҮЛ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҢДАЛЫП ШЫҒАДЫ

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің Президент ретіндегі алғашқы сұхбатыңыз былтыр «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған еді. Ең алдымен, қазіргідей күрделі кезеңде ой-толғамдарыңызды тағы да біздің газетіміз арқылы оқырманға жеткізуге келісім бергеніңіз үшін алғыс білдіреміз.

– «Egemen» – елдің үні, ұлттың мінбері. Қазақ тарихының жүз жылдық жылнамасы. Сондықтан бас басылым арқылы ел-жұртпен тілдесудің маңызы зор.

– Ендеше, сұхбатты бастайық. Өткен аптада коронавирус індетіне қатысты мәлімдеме жариялап, жұртшылықты толғандырған көптеген мәселені ашық айттыңыз. Осыған дейін де телевизия арқылы үндеу және мәлімдеме жасаған болатынсыз. Жалпы, еліміздің қазіргі жағдайын қалай бағалайсыз? Бұдан кейінгі бағыт-бағдарымыз қандай болмақ?

– Пандемия бүкіл әлемнің қалыпты тіршілігіне айтарлықтай әсер етті. Индеттің салдарынан дүние жүзінде экономикалық белсенділік күрт төмендегенін көріп отырсыздар. Шикізат бағасының құлдырауы экономикалық жағдайды қиындататыны анық. Халықаралық валюта қорының пайымдауынша, биыл әлемдік жалпы ішкі өнім едәуір төмендейді. Әрине, мұндай дағдарыстан кейін экономиканы қалпына келтіру оңайға түспейді. Шұғыл әрекет етпесе, әлемдік рецессия күрделене бермек. Сондықтан шамасы жететін елдер өз азаматтарына қолдау көрсету үшін нақты жұмыстар жүргізуде.

Біз Қазақстанда төтенше жағдайды дер кезінде жарияладық. Осындай шаралардың арқасында вирустың жаппай таралуына жол бермей, қоғамдағы тұрақтылықты сақтап отырмыз. Дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржы бөлінгенін білесіздер. Ең алдымен, жұмыссыз қалғандарға 42 500 теңге мөлшерінде төлем жасауды ұйғардық. Жалпы, 4,2 миллион адам бұл көмекті алды. Оны екінші айда да жалғастырамыз. Бұдан бөлек, 1 миллиондай мұқтаж жан азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етілетін болды.

Осындай күрделі кезеңде халыққа көмек көрсетілмесе, мемлекеттілігімізге сын емес пе?! Әрине, ақша таратып берумен ахуал түзелмейді. Дағдарыс жағдайында кешенді әрі жүйелі шаралар ұйымдастырған абзал. Ең алдымен, жастарды жұмысқа орналастыру керек. Сондықтан 250 мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Әр өңірде инфрақұрылымдық және инженерлік жобалар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары бар. Міне, жұмыссыз қалғандарды солардың құрылысына, жөндеу жұмыстарына жұмылдырамыз.

Уақытша қиындыққа тап болған 1,6 миллион кәсіпкердің несиеін қайтару мерзімі кейінге шегерілді. Мұндай шара іскер азаматтарды қолдау үшін қажет. Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасының қаржысы 1 триллион теңгеге дейін көбейтілді. Бұл қаражат жаңа жобаларды қайта қаржыландыруға, жеңілдік шарттарымен несие беруге жұмсалыды. Кәсіпкерлер үшін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер мерзімі ұзартылды. Зардап шеккен шағын және орта бизнес өкілдері еңбекке төлеу қорының міндетті төлемінен алты айға босатылды.

Ерекше атап өтер жайт, карантин кезінде азаматтарымыз оқшаулануға тез бейімделді. Көптеген кәсіпорын мен мекеме қызметкерлерін қашықтан жұмыс істеуге көшірді. Қоғамның жаңа үрдістерге дайын екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Жалпы, Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары айқын. Елбасы бұл мәселе жөнінде Қауіпсіздік кеңесінің отырысында нақты атап көрсетті. Кез келген дағдарыстың бастамаларды туындатады. Әрине, осы кезеңнен сабақ алып, осал тұстарымызды жетілдіріміз керек. Егер індет өршіп кетпесе, 11 мамырда төтенше жағдай режимі аяқталады.

– Мәлімдеменізде айтылғандай, қазіргі ахуал бүкіл әлемге оңай тиіп отырған жоқ. Қысылтаяң кезеңде доллар бағамы өсіп, төл теңгеміз құнсыздана түсті. Пандемиядан

кейін теңгенің бағамы тұрақтанып, қалпына келуі мүмкін бе?

– Басқа елдердің валюталарымен қатар біздің теңгеміздің де құны кеміп кеткені рас. Осыған орай, Үкімет пен Ұлттық банк жағдайды тұрақтандыру үшін нақты шаралар қабылдады. Мен квазимемлекеттік секторға экспорттан түсетін табыстың бір бөлігін ішкі нарықта сатуды тапсырдым. Сондай-ақ олар шетел валютасындағы депозиттерін еліміздің қаржы жүйесіне қайтаруда. Бұл қаражат нақты жобаларға жұмсалыды. Осы және басқа да шаралар доллар тапшылығын болдырмау



үшін жасалып отыр.

Әрине, нарықтық экономика жағдайында мұндай мәселені реттеу оңайға соқпайды. Оның үстіне, еліміздегі шетел валютасының басым бөлігі шикізатты сатудан түсетін жасырын емес. Ерте ме, кеш пе, теңге бағамы тұрақтанады. Бірақ бұған сыртқы факторлар әсер етпей қоймайды. Теңгенің долларға қатысты бағамы валюта нарығындағы сұраныс пен ұсынымның азды-көптігіне қарай түзелетіні белгілі. Сондықтан құзырлы органдар валюта нарығына қатысты заңсыз әрекеттердің жолын кесетін болады. Алдағы уақытта Ұлттық банк теңгенің еркін бағамы қағидатын ұстанып, Үкіметпен бірлескен жұмысын жалғастыра береді.

– Сіз бұған дейін мұндай кезеңде екінші деңгейдегі банктердің жауапкершілік таныту қажеттігін айттыңыз. Бұл құрылымдар, көбіне, дағдарыс кезеңінде қолдау бола ма деп мемлекетке жүгінетіні жасырын емес. Жалпы, осы дұрыс па? Төтенше жағдайға байланысты сол банктер халыққа қандай көмек көрсете алады?

– Банк жүйесі – қаржы нарығының аса маңызды бөлігі. Банктердің тұрақты жұмыс істеуіне мемлекет те, бизнес өкілдері де, қарапайым салымшылар да мүдделі. Сондықтан банктерге тегіннен-тегін қолдау көрсетілмейді. Бұл – ұлттық экономиканы көтермелеудің бір жолы.

Қазір банктердің үздіксіз қызмет көрсетуіне мүмкіндік бар. Депозиттерге кепілдік беретін қор да тұрақты жұмыс істеуде. Бұл ахуалды Ұлттық банк бақылап отыр. Сондықтан салымшылардың қаражатына ешқандай қатер төніп тұрған жоқ.

Төтенше жағдай кезінде екінші деңгейдегі банктер әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтануына өз үлесін қосты деп айта аламыз. Ең алдымен, банктер кәсіпкерлерге және азаматтарға берген несиеін қайтару мерзімін кейінге ауыстырды. Нақты айтқанда, несие төлемдері 3 айға шегерілді. Табысынан айырылғандарға мұндай көмек қажет. Бірақ жұртшылық арасында несие мұлдем қайтармаймыз деген түсінік қалыптаспауы керек. Бұл – жаңсақ пікір.

Сондай-ақ Үкіметтің қатысуымен шағын және орта бизнес өкілдеріне жеңілдетілген несие беру бағдарламасы әзірленді. Егер банктер кәсіпкерлерге, азаматтарға несие беруді тоқтатса, экономиканың көптеген саласы тұралап қалады. Біз бұған жол бермейміз.

Менің тапсырмам бойынша Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін қосымша шаралар қарастыруда.

– Жағдай одан әрі күрделене берсе, бюджетіміз бұл ауыртпалықты көтере ала ма? Алдағы уақытта ел бюджетіне тағы да өзгерістер енгізілуі мүмкін бе?

– Дағдарыс жағдайында, көбіне, бюджеттің кірісі мен шығысын реттеу қажеттілігі туындайды. Үкімет дағдарыс кезеңінде бюджетті нақтылаудың ерекше тәртібін бекітті. Коронавируспен күресу үшін қомақты қаржы бөлінгенін білесіздер. Ел азаматтарына қолдау көрсету, экономикалық белсенділікті арттыру шаралары қосымша қаржыны талап етеді.

Ескерте кететін бір жайт, бюджет қар-

бұл – заман талабы.

Интернет жылдамдығы әртүрлі болғандықтан, қашықтан оқытудың бірнеше жолы ұсынылды. Атап айтқанда, телесабақ, интернет-платформадағы сабақ ұйымдастырылды. Интернет байланысы жоқ 57 елді мекенде тұратын оқушылар пошта қызметі арқылы оқу үдерісін жалғастырып отыр. Жергілікті атқарушы органдар мұғалімдер мен оқушыларды компьютермен, мобильді интернетпен қамтамасыз етуде. Үкімет қорынан байланыстың мүмкіндіктерін арттыру үшін қаражат қарастырылды. Осының нәтижесінде қашықтан оқыту қазір қалыпқа түсті.

Жалпы, соңғы жылдарда қашықтан оқыту тәсілі жаһандық үрдіс ретінде қалыптасты. Әлемнің көптеген жоғары оқу орындары бұл әдісті кеңінен қолданып келеді. Мұның артықшылығы да, кемшілігі де бар. Әсіресе қазіргідей карантин жағдайында бұған балама жоқ. Сондықтан алдағы уақытта оны жетілдіре түскен жөн.

Биылғы оқу жылы ойдағыдай аяқталады деп ойлаймын. Оқу үлгерімін бағалауға қатысты еш қиындық туындамауы тиіс. Әрине оқушылардың өз мұғалімдерімен және құрбыларымен жүздесіп, әдеттегідей сабақ оқығанына не жетсін. Бұл – уақытша қиындық. Бұған түсіністікпен қарап, шәкірттеріне қашықтан білім беріп жатқан ұстаздар қауымына ризашылық білдіремін.

– Пандемияға қарсы күрестің алғы шебінде жүрген дәрігерлерге үнемі қолдау көрсетіп келесіз. Осы мәлімдеменізде де оларға шынайы жанашырлық таныттыңыз. Жалпы, бұл саланы жетілдіру үшін не істеу керек?

– Барша жұртқа қауіп төндірген індетті ауыздыққа үшін, ең алдымен, дәрігерлер мен медицина қызметкерлері жұмылдырылды. Оларға жан-жақты қолдау көрсетудің маңызы зор. Билік тарапынан барынша жағдай жасалуда.

Өкіншке қарай індетпен күрес барысында медицина жүйесінің осал жақтары да анықталды. Сақтық шараларына қарамастан, көптеген медицина қызметкері вирус жұқтырып алды. Дәрігерлеріміз онысыз да жетпей жатқанда, осындай қиындыққа тап болдық. Бұл жағдай тікелей бақылауымызда. Нақты тапсырмалар берілді. Индетпен күресуге атсалысқан дәрігерлерге тиісті үстемеақы төленуде.

Қазіргі уақытта медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыру өзекті мәселеге айналды. Дәрігерлерге берілетін әлеуметтік кепілдік аясын кеңейтіп, ынталандыру жүйесін жетілдіру қажет. Пандемия денсаулық сақшыларына қолдау көрсетудің аса маңызды екенін аңғартты. Біз тәуелсіздік алғалы бері бұл салаға мән беріп келеміз. Дегенмен әлі де атқаратын жұмыстар аз емес.

Коронавирус індеті медицина ғылымын дамытудың да өзекті екенін көрсетіп берді. Қазір бүкіл әлем осы салаға ерекше назар аударып, жұқпалы аурулармен күресті күшейтуде. Бұл – заңды құбылыс. Алдағы уақытта елімізде медициналық-биологиялық зерттеулерге ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені айбынды әскермен бірге мықты медицина да – мемлекеттің негізгі қалқаны. Бұдан былай оның өзектілігі арта түсетіні сөзсіз.

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында модульдік жұқпалы аурулар ауруханасы ашылды. Оның небәрі екі апта ішінде салынғанын білесіздер. Аурухана халықаралық талаптарға сай жабдықталған. Оны арнайы барып аралап көрдім. Сонымен қатар ғалымдарымыз диагностикалық тест жүйесін әзірлеп шықты. Міне, осындай нақты жұмыстар саланы жетілдіре түсетіні сөзсіз. Денсаулық сақтау министрлігі алдағы уақытта медициналық қызмет сапасын арттыру үшін ауқымды әрі жүйелі жұмыс жүргізуі керек.

– Әл-Фараби мен Абай мерейтойлары аясында көптеген іс-шара жоспарланғаны белгілі. Енді осы жобаларды орындау тәртібіне өзгеріс енгізіле ме?

– Ұлыларды ұлықтап, даналарды дәріптеу – халқымыздың игі дәстүрі. Біз Әл-Фараби мен Абай мұрасын зорделеу арқылы қазақ даласындағы өркениеттің

(соңы 5 бет.)



ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: ЕЛІМІЗ БҮЛ ҚИЫНДЫҚТАН ШЫНДАЛЫП ШЫҒАДЫ

(соңы басы 4 бет.)

тамыры терең екенін көрсетеміз. Сондықтан бұл мерейтойлар – бәрімізге үлкен сын.

Абай өзінің «толық адам» тұжырымын мирас етсе, Әл-Фараби «бақытқа жету жолындағы қайырымды қоғам» қағидасын өсиет етіп қалдырды. Ұлы ойшылдардың әділдік пен ізгілік жөніндегі ұстанымы баршаға белгілі. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдамам осы қағидалармен үндеседі.

Мерейтойлар аясында мемлекеттік және өңірлік жоспарлар жасалды. Бүгінге дейін кейбір жобаларды жүзеге асырып үлгердік. Қазіргі ахуалға байланысты түрлі мерейтойлық шаралар онлайн форматында өткізілуде. Бұл жобалар әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарда да кеңінен насихатталады.

– Сіз сыртқы саясаттың қыр-сырын жетік білесіз. Көп жыл дипломатиялық қызметте болдыңыз. Қазіргі заманда ұлттық мүддеге берік болу үшін сыртқы саясатымызды қалай жүргізуіміз керек? Жалпы, пандемиядан кейін халықаралық қатынастар қалай өрістейді?

– Бүгінде бүкіл әлем дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Бұл, әсіресе осы пандемиядан кейін анық байқалады деп ойлаймын. Осындай сын сағатта әр мемлекет, ең алдымен, өз азаматтарының қауіпсіздігін ойлайды. Бұл – заңды нәрсе. Бірақ мұндай күрделі кезең халықаралық ынтымақтастыққа сызат түсірмеуі керек. Соңғы апталарда мен бірқатар елдердің және халықаралық ұйымдардың басшыларымен телефон арқылы сөйлестім. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейнесаммитіне және Жоғары еуразиялық экономикалық кеңес мүшелерінің онлайн форматындағы жұмыс кездесуіне қатыстым.

Қазір пандемиямен күрес жүргізу бағытындағы халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажет. Осыған орай біз серіктес елдермен бірге күш жұмылдырып отырмыз. Бұл – індетке қарсы тұрудың негізгі жолы. Жалпы, сыртқы саясатымыздың сабақтастығы сақталатын болады. Өзіміздің дәстүрлі және жаңа серіктестерімізбен өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыта береміз.

Сонымен қатар кез келген мемлекет үшін басқа елдерден инвестиция тартудың маңызы зор. Сондықтан біз де сыртқы саясатта экономикалық дипломатияға баса мән береміз. Бұл – Қазақстанның ұзақ мерзімге арналған стратегиясындағы басым бағыттың бірі. Алдағы кезеңде де солай болып қала береді. Сыртқы саясат сөз жүзінде емес, іс жүзінде сындарлы болуға тиіс. Дипломатия саласы да індеттің салдарынан сабақ алғаны жөн.

– Президент қызметіне кіріскеніңізге бір жылдан асты. Осы уақыт аралығында бірқатар мақсат-міндетті алға қойдыңыз. Жалпы, өз бастамаларыңыздың орындалу барысына көңіліңіз тола ма?

– Қазақта «Ел қуатты болмай, бақ тұрақты болмайды» деген нақыл сөз бар. Осы орайда мемлекеттілікті нығайтып, халқымыздың әл-ауқатын арттыру үшін маңызды бастамалар қолға алынды.

Ең алдымен, қоғамның береке-бірлігі бекем болуы керек. Бұған билік пен халық

арасында тұрақты диалог орнату арқылы қол жеткізуге болады. Осыған орай Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Оның негізгі мақсаты – қоғамдық сананы жаңғыртуға арналған ауқымды шаралар ұйымдастыру, өзекті мәселелерді талқылап, тиімді ұсыныстар әзірлеу. Бүгінге дейін кеңестің екі отырысы өткізілді. Саяси, экономикалық және әлеуметтік жаңғыру бағыттары бойынша көптеген ұсыныс жасалды. Қоғамды алаңдатқан түрлі мәселелер қызу талқыға түсті.

Заман талабына сай саяси реформалар жүргізілуде. Қазір менің бастамамен Парламентте бірқатар маңызды заңнамалық өзгерістер талқылануда. «Бейбіт жиындарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі» туралы заң жобасы қарастырылып жатыр. Бұл еліміздің демократиялық дамуын айқындайтын өте маңызды құжат болатынына күмән жоқ.

Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының сайлауына түсетін саяси партиялар әйелдер мен жастар үшін отыз пайыздық квота бөлетін болады. Осыған орай заңға тиісті толықтырулар енгізу қарастырылуда. Сондай-ақ саяси партияларды тіркеуді жеңілдету, парламенттік оппозиция институтын қалыптастыру үшін заңнамаға маңызды түзетулер жасалмақ.

Осы өзгерістер саяси үдерістерді одан әрі либерализациялау жолындағы нақты қадам болады деп сенемін. Жан-жақты саяси реформалар жалғасады. Бұл – біздің стратегиялық таңдауымыз.

Сондай-ақ азаматтардың өтініш-тілектерін жедел қарастыру үшін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсындым. Бұл – өте маңызды әрі қажет бастама. Шенеуніктердің міндеті – ең алдымен, халыққа қызмет ету. Олар ел-жұртың мұң-мұқтажына құлақ аспағанда кімге құлақ асады?! Осы қағидағи барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің санасына сіңірген жөн. Қазірдің өзінде бұл бағытта оң өзгеріс бар.

Отандық бизнесті дамытуға арналған бірқатар бастама жүзеге асты. Менің тапсырмам бойынша шағын және микро бизнес өкілдері үш жылға табыс салығынан босатылды. Олардың қызметі алдағы үш жыл бойы тексерілмейді. Сол үшін мораторий жарияланғанын білесіздер. Қазіргі төтенше жағдай кезінде де кәсіпкерлерге үлкен қолдау көрсетілуде. Оны жоғарыда атап өттім.

Елді алаңдататын өзекті мәселенің бірі баспана екені белгілі. Осы бағытта да ауқымды жұмыстар атқарылды. Үкімет алдына Елбасы ұсынған «Бақытты отбасы» бағдарламасының аясын кеңейтіп, тұрғын үй құрылысын жандандыру міндеті қойылды. Соған сәйкес, биылдан бастап жыл сайын көп балалы және мүгедек балалары бар 10 мың отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Аз қамтылған және көп балалы отбасыларға арналған әлеуметтік көмектің жаңа түрлері енгізілді. Мысалы, көп балалы отбасыларға табысына қарамай жәрдемақы беріле бастады. Жарты миллионнан астам азаматтың 300 мың теңгеге дейінгі кепілсіз несиесі өтелді. Бұл бастамалар халықтың тұрмыс сапасын жақсар-

туға бағытталған.

Былтыр «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Соған орай алдағы төрт жылда ұстаздардың еңбекақысын екі есе арттыруды тапсырдым. Бұл жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бюджет саласындағы басқа да қызметкерлердің жалақысы көбейтілуде.

Мен талантты да талапты жастарға сенім артамын. Сол себепті «Президенттік жастар кадрлық резерві» құрып, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан 300 жасты іріктеп алдық. Олардың біразы қызметке орналасты. Тиісті мемлекеттік органдарға жастар саясатына арналған жаңа кешенді бағдарлама әзірлеуді тапсырдым.

Осы жылды «Волонтер жылы» деп жарияладым. Бүгінде бұл бастаманың дер кезінде көтерілгенін көріп отырмыз. Қазіргідей төтенше жағдайда волонтерлер аянбай еңбек етіп жүр. Күрделі кезеңде белсенділік танытқан жігерлі жастарды үлгі тұтуымыз керек.

Жалпы, бір жыл ішінде нақты жұмыстар атқарылды. Сондықтан елдің еңсесін көтергені мұндай шешімдер алдағы уақытта да қабылдана береді.

– Келесі жылы Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Біз дамудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Осы орайда жаңа мүмкіндікпен бірге жаңа қауіп-қатердің де туындайтыны жасырын емес. Алдағы уақытта соған төтеп беріп, елімізді өркендету үшін не нәрсеге баса мән бергеніміз жөн?

– Біз Елбасының салиқалы саясатының, халқымыздың ырыс-ынтымағының арқасында тәуелсіз Қазақстанды құрдық. Осы жылдар ішінде тиімді басқару жүйесі қалыптасты. Егемен еліміздің іргесін бекемдеу үшін ауқымды жұмыс атқарылды. Өтпелі кезеңдегі барлық қиындықты еңсеріп, орнықты даму жолына түстік. Ендігі мақсат – осындай табыстарды еселеп, жаңа белестерді бағындыра беру.

Әйгілі француз ойшылы Жан-Жак Руссо «Мықты мемлекет қана өз азаматтарының еркіндігін қамтамасыз ете алады» деген екен. Халқымыздың тұрмыс сапасын жақсарту үшін Қазақстанды мықты мемлекетке айналдыруымыз керек. Бұл ретте «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын берік ұстануымыз қажет.

Әлемде түрлі үрдістер қалыптасуда. Бірақ соның бәрі бірдей ұлттық мүддеге сай келе бермейді. Негізгі қауіп-қатерлер алда. Сондықтан қырағылық сақтай отырып, қиындықтарды енсеруге әрдайым дайын болуымыз керек.

Жаңа сын-сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың толқу-жаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады.

Бүгінде цифрлы технологиялар қар-

қынды дамып, қоғамдық өмірдің түрлі саласына дендеп еніп келеді. Біз осы үрдіске баса мән беріп отырмыз. Бұл – қазіргі заманның басты талабы. Мұны коронавирус індетіне байланысты туындаған күрделі кезең анық аңғартты. Менің тапсырмам бойынша Үкімет «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында анықталған кемшіліктерді ескеріп, қайта қарайды. Цифрландыру үдерісі елімізді өркендетуге тың серпін беретіні сөзсіз. Оның мән-маңызы арта бермек.

Елімізді өркендету үшін ұлттық экономиканы әртараптандыру үдерісін жалғастыра береміз. Осы жолда шағын және орта бизнеске барынша жағдай жасаған абзал. Сонымен қатар адами капиталды одан әрі дамытамыз. Бұл бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін қажет. Осыған орай білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларын да түбегейлі жаңғырту міндеті алдымызда тұр.

Тағы бір зор мақсат – елді еңбекке баулу. Шындықты айтсақ, шетелдерде халқымыз нағыз еңбеккер жұрт ретінде әлі таныла қойған жоқ. Бұл біздің беделімізге де едәуір нұқсан келтіреді. Қажырлы еңбектің арқасында ғана көп мәселені шешіп, мемлекетімізді дамытамыз, әл-ауқатымызды арттырамыз.

Сондықтан еңбекке баулу жастарға тәрбие берудің негізгі бағыты болу керек деп санаймын. Бұл ұлттың болашағына тікелей ықпал етеді.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, қалыптасқан жағдайға байланысты елді алаңдатқан өзекті сауалдарға жауап бердіңіз. Енді соңғы сұрақ. Сонымен қазіргі күрделі кезеңнен қандай ой түйдіңіз?

– Төтенше жағдай күнделікті өмірімізге елеулі өзгеріс енгізді. Жоспарланған жұмыстарды, түрлі іс-шараларды кейінге қалдыруға мәжбүр болдық. Осындай кезде, ең алдымен, не нәрсенің аса бағалы екенін түсіндік. Бұл – адамның өмірі, адами қарым-қатынастар, азаматтардың денсаулығы, қоғамның береке-бірлігі. Бір-бірімізге қолдау көрсетудің қаншалықты маңызды екенін де аңғардық. Қалған дүниенің бәрін біртіндеп ретке келтіруге болады.

Пандемия кезінде бүкіл қоғамымыз сынға түсті. Көптеген азаматтар қиын сәтте елге қызмет етудің озық үлгісін танытты. Бұл – парасатты патриотизмнің көрінісі. Кез келген күрделі кезең адамның жігерін жанып, рухын қайрайды. Әлемге жайылған індет тұсындағы ахуал халқымызды одан әрі ұйыстыра түсетіні анық.

Осы ретте, ұлы Абайдың «Тоқтаулық, қалыпты шыдамдылық – бұл қайраттан шығады, білсең керек» деген өлең жолы ойға оралады. Шын мәнінде, табандылық пен төзімділік танытсақ, қиындыққа төтеп береміз. Еліміз бұл қиындықтан ширап әрі шыңдалып шығады деп толық сеніммен айта аламын.

Барлық қиындықты бірге жеңеміз!

**Әңгімелескен
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»**

<https://egemen.kz/article/233344-president-qasym-zhomart-toqaev-elimizbul-qiyndyqtan-shynhdalyppshyghady>

МЕНІҢ ТІЛІМ-МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ!

Қазіргі өркениетті қоғамның дамуы адам арасындағы коммуникацияның тиімді құралы ретінде тілді дамытуға негізделген, яғни сөйлеу коммуникациясының тиімді құралдары болмаса, қазіргі қоғамның дамуын елестету мүмкін емес. Өйткені тіл мәдениетті, білімді, ғылымды және адами қызметтің барлық құралдарын дамытудың негізгі көзі болып табылады. Ұлттық тілдер мемлекеттіліктің негізі болып табылады, яғни, қауымдастық принципі бойынша, ой, идеялар, мәдениет, дүниетаным, тарих және өзге де қағидағар адам қоғамдастығына біртұтас мемлекетті құрайды және біріктіреді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді дамытуға, сондай-ақ еліміздің көп ұлтты халқының тілдерін дамытуға көп көңіл бөлінеді. Бұл жұмыс тұрақты ғылыми негізде жүргізіледі, бұл ретте қазақстандық қоғамның полиэтностылығын ескере оты-

рып, патриотизмді дамытуға ерекше рөл беріледі. Әр түрлі мәдениеттерді өзара байыту және әр түрлі ұлттар арасындағы тең құқықты қарым-қатынас, сондай-ақ азаматтардың барлығының мемлекеттік тілге құрметпен қарауы Қазақстан халқы бірлігінің негізі болып табылады.

Демек, тіл ажыратудың құралы емес, керісінше, тілдің дамуы мен сақталуы кез келген қоғамның біріктіруші факторы болып табылады. Тілді білу және онымен қарым-қатынас жасай білу, адам тұлғасы мен азаматтық қоғамды дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Кез келген халықтың тілі бүкіл адамзаттың мәдени мұрасы болып табылады. Қазақстандықтар барлық азаматтардың әл-ауқатын арттыруға әкелетін ортақ және жеке мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік тілге көп көңіл бөлуі тиіс және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілік қағидағарына негізделген күшті,

ілгері, гүлденген азаматтық-құқықтық қоғам ретінде біздің мемлекетіміздің дамуы үшін өз үлесін қосуы қажет.

Өз сұхбатында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Жаңа сын-қатерлерге төтеп беру үшін ең алдымен ұлттық құндылықтарды қорғау қажет. Егер біз ана тілін, дәстүрлерді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтай алмасақ, онда болашақ ұрпақ бізді бұл үшін кешірмейді. Мемлекеттік тіл мәселесі ерекше маңызды. Тіл-ұлттың негізі, ұрпақ өмірі. Елдің тілі - елдің төл құжаты. Осыны әрқашан есте сақтау керек. Ұлттық қауіпсіздік біздің тілді құрметтеуден басталады» - деді.

Президент атап өткендей, Республиканың тәуелсіздігі мен егемендігі көбінесе әрбір азаматтың жеке басының қауіпсіздігі мен әл-ауқатына ғана емес, бүкіл қоғамның өркендеуіне де байланысты болашаққа

...Өз тіліңді құрметте!

немқұрайлы қарамайтын жеке қатынасына байланысты. Тағдыры Отанымен байланысты қазақстандықтардың өсіп келе жатқан жасөспірімдерге мемлекеттік тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу әрбір адам үшін табиғи және саналы қажеттілік болуы тиіс. Нағыз патриотизм - қоғам игілігі үшін бытыраңқылық себептерін іздеуде емес, күнделікті тынымсыз жұмыста, оның ішінде бізге дейін өмір сүрген көптеген ата-бабаларымыздың өмірінің нәтижесі болып табылатын тарихи жағдай, рухани, мәдени, адами құндылықтарға ұқыпты қарау болып табылады. Біздің қоғамның міндеті мәдени-тарихи мұралардың барлық байлығын сақтап, көбейту және қазақстандық ұлттың бірлігі мен әл-ауқатын сақтау.

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ

РЕАЛИЗАЦИЯ КОНСТИТУЦИОННЫХ НОРМ В ЗАКОНОПРОЕКТЕ «О ПОРЯДКЕ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ МИРНЫХ СОБРАНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»

В современных условиях в Казахстане возникла необходимость модернизации отечественного законодательства в сфере порядка организации митингов, шествий, пикетов и других мирных собраний. Впервые Президент Республики Казахстан К.К.Токаев заявил о необходимости принятия нового закона по проведению митингов 13 июня 2019 года в интервью каналу Euronews.

Глава государства отметил, что «Будет разработан закон. Люди, которые хотят выйти на демонстрацию, высказать свое мнение, будут обращаться в соответствующие инстанции, им будет отведено специальное место, где они могли бы собраться и высказать свое мнение». Исходя из этого, в настоящее время осуществляется обсуждение законопроекта «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан». Этот закон разработан в целях реализации пункта 6 Общенационального плана мероприятий, утвержденного Указом Главы государства от 10 сентября 2019 года № 152 по реализации Послания Главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 года «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана». В качестве основной цели этого законопроекта определяется необходимость реализации конституционных прав граждан мирно и без оружия, проводить собрания, митинги и демонстрации, шествия и пикетирование.

В статье 32 Конституции Республики Казахстан, закрепляется право граждан республики «... Мирно и без оружия собираться, проводить собрания, митинги и демонстрации, шествия и пикетирование. Пользование этим правом может ограничиваться законом в интересах государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты прав и свобод других лиц». Реализация этой статьи тесно связана со статьей 20 Конституции, в которой закрепляется право на свободу слова: «Свобода слова и творчества гарантируются. Цензура запрещается. Каждый имеет право свободно получать и распространять информацию любым, не запрещенным законом способом. Перечень сведений, составляющих государственные секреты Республики Казахстан, определяется законом. Не допускаются пропаганда или агитация насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности Республики, подрыва безопасности государства, войны, социального, расового, национального, религиозного, сословного и родового превосходства, а также

культы жестокости и насилия». Таким образом, на конституционном уровне установлены общие условия проведения мирных собраний и ограничения при реализации права на свободу слова во время проведения мирных собраний.

На протяжении многих лет порядок организации и проведения собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций регулировал Закон Республики Казахстан от 17 марта 1995 года № 2126 «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан», который действует



в настоящее время. По существу, этот закон устанавливает базовые нормы, которые детализируются на местах. При этом представители неправительственного сектора, общественные деятели неоднократно отмечали несовершенство этого закона, и особенно, практики его реализации, что было отмечено на круглом столе, который состоялся 5 марта 2020 года в Доме дружбы г. Караганды. В работе круглого стола принимал участие министр информации и общественного развития Республики Казахстан Абаев Д.А. Общественные деятели, представители неправительственных организаций высказали министру недостатки действующего закона и практики его реализации. В круглом столе участвовали и ученые-юристы, которые выдвинули предложения по улучшению рассматриваемого законопроекта.

Учеными юристами, политиками, представителями гражданского общества был проанализирован действующий Закон

Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» и выявлен ряд недостатков, которые нашли свое отражение в Концепции проекта Закона «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан». К ним относятся:

Отсутствие в Законе понятийного аппарата, который определял бы формы, статус субъекты и объектов мирных собраний. (Введение глоссария в законодательный акт, который регулирует право граждан на мирные собрания, является важным элемен-

том на пути совершенствования законодательства Республики Казахстан).

Отсутствие прав и обязанностей организатора, участников и иных лиц. (Одна из причин создающих неудобства, как для субъектов мирных собраний, так и для государственных органов является отсутствие четкого и понятного перечня прав и обязанностей всех сторон мирных собраний).

Отсутствие единых требований по проведению мирных собраний в регионах страны. (Подобное несовершенство законодательства способствовало установлению различных требований местными представительными органами, к примеру, маслихатом города Нур-Султан установлены только места, в которых возможно проведение мирных собраний, в то время как в других регионах устанавливаются отдельные правила и требования по дополнительному регламентированию проведения митин-

Модернизация отечественного законодательства

гов). При этом правоприменительная практика показывает, что большинство мероприятий проводятся не санкционировано.

Разработанный законопроект направлен на устранение вышеперечисленных недостатков и посвящен более детальному регулированию общественных отношений. Положительные аспекты этого законопроекта были отмечены на вышеуказанном круглом столе 5 марта 2020 года, при этом было отмечено, что многие положения законопроекта изменены в ходе обсуждений, проведенных в рамках подобных круглых столов в разных регионах страны, а также учтены предложения по улучшению законопроекта, которые были направлены разработчикам посредством Электронного правительства. В ходе круглого стола были сделаны предложения, касающиеся законопроекта, при этом было отмечено, что многие положения, содержащиеся в проекте закона, уже изменены, некоторые предложения находятся в стадии обсуждения. Участвуя в этом круглом столе, преподавателями юридического факультета Карагандинского государственного университета им.Е.А.Букегова были высказаны предложения для включения их, в текст обсуждаемого законопроекта. Это предложения касающиеся необходимости разработки и обсуждения подзаконных нормативных правовых актов, конкретизации правового статуса участников мирных собраний, участия несовершеннолетних в мирных собраниях, мест проведения мирных собраний и др.

Следует отметить, что регулятивное воздействие нового закона на общественные отношения будет зависеть, в первую очередь, от правовой и политической культуры общества. Соответственно определяющими условиями эффективности законодательства о мирных собраниях является повышение уровня правовой и политической культуры, а также общей культуры граждан. Эти факторы следует рассматривать как базовые условия эффективной реализации норм нового Закона Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» в будущем. Принятие этого закона является прогрессивным шагом в осуществлении демократических реформ в нашей стране и направлено на дальнейшее развитие гражданского общества и правового государства в Республике Казахстан.

Турлаев А.В.,
профессор кафедры теории и истории
государства и права,
кандидат юридических наук, доцент
агандинского государственного
университета им.Е.А.Букегова
г.Караганда, Республика Казахстан.
(Фото - выбор редакции)

ОТЗЫВ НА ПРОЕКТ ЗАКОНА «О ПОРЯДКЕ ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИИ МИРНЫХ СОБРАНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»

Согласно статье 32 Конституции Республики Казахстан граждане Казахстана вправе мирно и без оружия собираться, проводить собрания, митинги и демонстрации, шествия и пикетирование. Пользование этим правом может ограничиваться законом в интересах государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты прав и свобод других лиц.

Новый законопроект о мирных собраниях, шествиях, пикетов, митингов подготовлен по поручению Президента Республики Казахстан. Как отметил Касым-Жомарт Токаев, «следует приступить к внедрению уведомительного принципа организации митингов. И обществу, и государству пора адекватно относиться к публичному выражению позиции. Это неизбежность, и лучше к ней прийти самостоятельно, осознанно, а не вынужденно. Но надо понимать, что митинги – это не только право, но и ответственность».

Действующий Закон «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» был принят ещё в 1995 году и обладал такими основными недостатками, как:

- отсутствием понятийного аппарата;

- отсутствием закрепления прав и обязанностей организатора, участников и иных лиц;

- отсутствием единых требований по проведению мирных собраний в регионах страны.

Всё это говорит о том, что данный нормативный правовой акт не соответствует реалиям сегодняшнего дня.

В свою очередь, согласно отзывам многих экспертов проект Закона «О порядке организации и проведении мирных собраний в Республике Казахстан» в сравнении с законодательством других стран СНГ является самым либеральным.

Во-первых, в разработку законопроекта была вовлечена широкая общественность – известные общественные деятели и члены Нацсовета общественного доверия. Проект Закона был размещён на портале открытым, его обсуждения велись на экспертной онлайн-платформе *Kup.kz*. Обсуждение законопроекта посредством цифровых технологий позволило также наладить обратную связь и по вопросам юридической техники.

Во-вторых, при разработке законопроекта учитывался зарубежный опыт. В частности, учитывалась общая закономерность по регламентации публичных собраний среди стран с многовековой протестной

историей, которые смогли выработать по-настоящему сбалансированную и эффективную правовую базу.

В-третьих, в законопроекте сформированы такие ключевые понятия, как «мирное собрание», «митинг», «демонстрация», «шествие», «пикетирование», «организатор», «участник», «агитация». Закреплены права и обязанности организаторов, участников и иных лиц мирных собраний.

В-четвертых, Законопроектом регламентировано проведение мирных собраний в специализированных местах, **не на окраинах**, на тех площадках, которые будут определены местным представительным органом, учитывая транспортную доступность, безопасность отдельных объектов и дорожного движения.

В-пятых, особо следует подчеркнуть регламентацию в отдельной норме законопроекта принципов проведения мирных собраний:

- ненасильственный характер;

- законность;

- обеспечение государственной безопасности, общественного порядка, охраны здоровья, защиты прав и свобод других лиц;

- добровольность участия.

Таким образом, Законопроект учитывает законные интересы не только лиц, участвующих в мирных собраниях, но и

граждан, не принимающих участие в них. Проведение мирных собраний не должно мешать жизнедеятельности города и ограничивать права граждан.

В-шестых, внедрение смешанного порядка проведения мирных собраний – уведомительного и регламентированного. При этом в рамках уведомительного порядка, в случае отсутствия ответа местного исполнительного органа в течение установленного срока, проведение мирного собрания считается согласованным по умолчанию.

В-седьмых, четко регламентированы основания отказа в проведении мирных собраний и основания прекращения мирных собраний.

В целом, следует отметить, что проект Закона «О порядке организации и проведении мирных собраний в Республике Казахстан» соответствует нормам Конституции Республики Казахстан и международным договорам в области прав человека, ратифицированным Республикой.

Джимебаев Руслан Кайратович,
Начальник кафедры общеправовых дисциплин Карагандинской академии
МВД РК им.Б.Бейсенова,
к.ю.н.



МУҒАЛІМ – МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Халқына адал еңбегі



Ол заман – біздің жастық заманымыздағы жамбасымыз қара жерге тигенше мәңгі есте қалатын, қызығы мен шышығы қатар жүрген керемет дәуіріміз еді. Әскерден оралып, сол кездегі аудандық «Социалистік шаруашылық» газетіне әуелі тілші, екі айдан соң жауапты хатшы болып қызмет етіп жүрген кезім. Мектеп-интернатта бірге оқыған, сол кезде орман шаруашылығында қызметте жүрген досым Юрий Ибрашев арқылы біраз жігіт қыздармен танысып, достар арттырдым. Олардың арасында Тамды асыл тұқымды қой шаруашылығының бас экономисі (қазір аудан әкімінің орынбасары) Серік Сәденов, белгілі әнші Бағила Мұратова, тіс дәрігері Мырзахмет аға Әбдісаматов, банк қызметкері, ініміз Құлназар Сансызбаев т.б. бар еді. Аудандық комсомол комитетінің хатшысы Ахмет Әбдімұратов пен Мағрипа Сәдуақасова бұрыннан танытын сыныптастарым. Осындай еті тірі азаматтар және азамашалармен біргелікте аудандағы қоғамдық жұмыстаға, мәдени-көпшілік шараларға белсене араласып, үлкен жиындарда жастар мәселесін көтеріп және газет беттерінде маңызды мәселелер төңірегінде ой қозғайтын мақалаларды жиі жариялап жүрген жалынды шығымыз еді. Бір күні Юрий редакцияға бір жігітті ертіп келіп, менімен таныстырды. Арықша келген, ортадан жоғарылау бойлы, қу жақты, сары өңді жігіт екен. Аудан орталығына жақын орналасқан

Ж.Балиманов атындағы совхоздың Бесбұлақ фермасындағы мектептің директоры қызметінде дейді. «Бұл жігіт Орынбек Әйтпенбетов деген досымыз. Көзі ашық, көкірегі ояу, белсенді азаматтарымыздың бірі» дегенде ғана оның аудандық, облыстық газеттерге мақалалар жазып тұратын автор екенін таныдым. Оны бір үлкен кісі болар деп ойлап жүргемін. Өзімізбен түйдей құрдас, бір жылдың төлі болып шықты. Осы таныстықтан кейін-ақ сөзіміз бен әңгімеміз жарасып жүре берді...

Ауылы ауданға жақын болғандықтан ол бізде өтетін ішараларға жиі келетін. Өзінің кеңесін айтып, ойласып отыратын. Кейін оның баянда, домбырада, орыстың балайқасында шебер ойнайтын және әншілік қыры да ашылды. Өмір жайлы өзіндік ой-пікірі, таным-толғауы бар. Тарихтан да терең толғап, қазақта және Тауелібай өңіріндегі даналар, би-шешендер мен батыр-бағландар, олардан ұрпаққа қалған өнегелі аңыз-әңгімелер, шежіре-толғаулар туралы көп білетін құймақұлақтығы ұнады. Өйткені ондай құндылықтарды үйреніп-білуге өзім де аса таңсықпын. Талай отырыстарда Мырзекең мен домбырада, Серік немесе Орынбек баянда, сылдырмақ қосып Бағила бәріміз үш дауыста ән шырқап жүрдік. Сол бір кездері оның тарихи көне жәдігерлерді жинайтын, өзі тұрып жатқан Бесбұлақтың айналасынан ақулаңың тістерін тауып, оны зерттегіп, бұл жердің кезінде теңіздің табаны болғанын дәлелдейтін мақалалары облыстық «Знамя дружбы» газетінде жарияланып тұрды, тапқандарын сақтап қойып, бізге де әкеліп көрсетті. Осылайшы Орынбектің көзі қарақты, құлағы түрік, жан-жақты жігіт екенін таныдық. Өлеңдері де газеттерге жариялана бастады. Өлеңдері жарияланып жүрген ақын-өлеңшілерден оның жыр жазу мәнері өзгеше еді. Бірақ тым сирек, сараң жаза ма әлде жылтылдап көріне бергісі келмей ме, өлеңдерін жиі әкеле бермейтін Жоғарыда аталған топтың бастамасымен ауданда жастардың бос уақытын дұрыс пайдалануы, пайдалы іспен айналысуы үшін Тамды тарихында алғаш рет «Рауан» жастар орталығы құрылды. Бұл атауды мен таңдап едім. Оған Юрийді басшы, Құлназарды есепші етіп тағайындадық. Бұған аудандық комсомол комитеті мұрындық болды. Бұл кез КСРО көлемінде шаруашылық есеп жаңалығы еніп жатқан

түс болатын. Ахмет аталған ұйымның идеология саласының хатшысы болғанын жоғарыда айттым. Осы Орынбектің де кеңесімен тағы да алғаш рет «Ғажайыптар алаңы» шоуын өткіздік. Мұны аудан жастары өте қызығушылықпен, жақсы қабылдады. Аудан, ауыл жастарымен тығыз байланыс орнатылып, жігерлі жастарды ішке тарттық. Базар жыраудың 150 жылдық мерейтойына арналған алғашқы ақындар айтысын ұйымдастыру барысында оның көп септігі тиді. Исі қазақ ақын-жырауларының «атақты әйдік астанасы» болған Балқы Базар жыраудың Орынбекпен рулас екенін, бабаның мәйіті Тауелібай төңірегіндегі Жалпақтау топырағында жатқанын алғаш рет осы Орынбектен естіп білдім.

Мен 1992-жылы Алматыға көшіп, «Азия» халықаралық газетінде істеп жүрген кезімде аталмыш газетті насихаттауға, оны халыққа таратуға атсалысты. Кеңес Одағы тарап кеткен соң Зарафшан қаласына көшіп барып, № 4 қазақ орта мектебінде ұстаздық қызметін жалғастырды. Елге барған сайын Орынбекке соқпай кетпейтінмін. Үйіндегі кейуана анамызға сәлем беріп, таңды таңға ұрып әңгіме арқауын тарқататынбыз. Бізде өз елемізге деген махаббат та, оның өсіп-өркендеуіне үлес қоссақ деген арман-мақсатымыз, шын ниетіміз көп еді. Өкінішке қарай тарихи Отанға қарай көшу үдерісі басталып кетті де, біздің ой-ниетіміз әдірдем қалды. Мен Приозерскіге көшіп келген соң елге бір барғанымда оны осында көшіп келуге үндедім. Сол жылы Орынбек те көшіп келді. Одан бергі ғұмыры мен қызметі көз алдымызда өтуде. Ұстаздық және қоғамдық жұмыстарда атқарған қызметтері атан түйеге жүк болардай екенін жұрт біледі.

Орынбек Орынбасарұлы Айтбенбетов – 1961-жылға 24-наурызда Өзбекстан Республикасының Тамды ауданында туған. Өкeden ертелеу қалған ол өмірдің ащы мен тұшысын қатар тағып өсті. Бала кезінен еңбекке араласа жүріп, сабағын үздік оқыды. Сол кездегі аудан орталығындағы Ленин атындағы іргелі мектепті 1978-жылы бітірген соң 1980-1985-жылдары Ташкент қаласындағы Республикалық орыс тілі мен әдебиеті педагогикалық институтында оқып, білім алады. Жоғарғы оқу орнын «Қызыл дипломмен» аяқтағаннан кейін туған ауылына келіп ұстаздық жолын

бастаған. Білім алуды, мамандықты артық санамаған О.Орынбасарұлы 2005-жылы Астана қаласындағы Қазақстан-Ресей университетін бітіріп, "юриспруденция" мамандығын иеленді. 1998-жылдан бері Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып еңбек етіп келеді. 2003-2012 жылдары Приозерск қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды. «Нұр Отан» партиясының депутаттық фракциясын басқарды. 2009-жылы «Нұр Отан» партиясының XII съезіне делегат болып қатысқан. Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясының Партиялық Бақылау Комиссиясын және қалалық Қоғамдық келісім Кеңесін басқарады. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының, қалалық Ақпараттық насихат тобының белсенді мүшесі. Педагогикалық қызметінде «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Педагогикалық Шеберлік Орталығында Кембридж университетінің Білім беру факультеті ұйымдастырған деңгейлік курстарының I(ілгері) деңгей сертификатын иеленген. Жоғарыда айтқанымыздай, ақындық, музыкалндық және сазгерлік қырларының арқасында мектептегі «Болашақ» ұйымының әнұраны мен мектеп гербінің авторы болды. Мектепшілік «Білім нұры» газетінің бас редакторы. Мақалалары «Руский язык в казахстанской школе» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында, «Ана тілі», «Президент және халық» газеттерінде және «Абай.кз», «Ұлт.кз», «Инфоурок. Ру», «Мультиурок.ру» сияқты интернет-ресурстарда жарияланып тұрады.

Қала әкімінің Құрмет грамоталарымен, «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» Педагогикалық Шеберлік Орталығының Алғыс хатымен, облыс әкімінің Алғысымен және Қазақстан Республикасының Президентінің Алғысымен марапатталған. Бұл марапаттардың бәрі оның өзінің қызметінде және қоғамдық қызметтеріндегі ерен еңбегінің арқасы деп білеміз. Өмірі мен тіршілігінде өзіне лайықты бағасын алу да адамға бір бақыт емес пе?.. Орекеңнің алдағы қызмет дәуірінде де мол табыстар мен үлкен жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГИ
Суретте: Орынбек Орынбасарұлы
Айтбенбетов

Әскерилердің көмегі

Қазіргі уақытта әлемді жаулаған дерт – коронавируспен күресу үлкен мәселелердің бірі және бірегейі болып отыр. Әр елдің салты басқа демекші, әр ел осы аты жаман дертпен өздерінше күресіп жатыр.

Біздің елімізде де осы дерттің алдын алу үшін біршама шараларды жасап жатқаны белгілі. Қауіпті індет халыққа ғана емес, ел экономикасына да соққы болып жатыр. Көптеген жұмыс орындары жабылып, шағын және орта бизнеске де тұсау болып отыр.

Әрине, мұндай жағдайда карантин режимін енгізу – осы аурудың таралуының алдын алудағы ең үлкен қару десек, қателеспейміз. Көптеген адамдар жұмыс орнының тоқтауына байланысты қалтасындағы соңғы қаражатын басты қажеттілікке яғни, азық-түлік алуға жұмсап отыр. Осы қиын кезеңде тұрмысы төмен, көпбалалы отбасылардың үнемі азық-түлікпен қамтамасыз етілуі қиынға соғады.

К 75- летию Великой Победы

В рамках юбилейных мероприятий, посвященных 75-летию Великой Победы и 100-летию Нуркена Абдилова Карагандинский государственный индустриальный университет вместе с Карагандинским высшим политехническим колледжем провели онлайн-телемост «Москва-Астрахань-Караганда-Темиртау». Здесь вспоминали о героях и рассказали о поиске родственников солдат из Казахстана, погибших в годы войны.

На онлайн-встрече собрались замес-

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР «БІЗ БІРГЕМІЗ» АКЦИЯСЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ



Осы орайда, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты Приозерск гарнизонының 18405 әскери бөлімінің ұжымы «Біз біргеміз» атты қайырымдылық акциясына өз үлестерін қосты. Бөлім басшылығының ұйымдастыруымен, әскери бөлімнің жеке құрамы қаражат жинап, аз қамтылған тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік үлестірді. Алдағы уақытта да, осындай іс шаралар жалғасын таба беретініне біз сенеміз. Бір жеңнен-қол, бір жағадан – бас шығарсақ бұл жағдайдан да өтетінімізге сенеміз. 18405 әскери бөлімінің ұжымы алдағы уақытта да осындай іс-шараларды ұйымдастыруды көздеп отыр.

Ендеше, жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, қайырымды жандарды осындай игі істерді атқаруға ат салысуға шақырамыз. Біз біріксек, алынбайтын қамал жоқ.

Ы. Аманбаев,
№18405 әскери бөлімінің ефрейторы

ПИКЕ В БЕССМЕРТИЕ: ТЕЛЕМОСТ В ЧЕСТЬ ЮБИЛЕЯ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ И Н.АБДИРОВА

титель председателя совета Казахской общины Москвы Асылбек Толешев, заведующий кафедрой «Финансы и учет» Астраханского государственного технического университета, Почетный профессор КГИУ Равиль Арыкбаев, племянник Героя Советского Союза Нуркена Абдилова Абубакир Абдилов, ректор КГИУ Бахыт Жаутиков, директор Карагандинского высшего политехнического колледжа Жанара Рахимова. Кроме того, в мероприятии приняли участие преподаватели и студенты Московского ин-

ститута стали и сплавов, Астраханского государственного технического университета, КГИУ, Карагандинского высшего политехнического колледжа и других вузов и колледжей Казахстана и России.

Своими воспоминаниями поделился Абубакир Абдилов, вместе со своей бабушкой побывавший в местах, где погиб его дядя. В станице Вешенской они встретились с известным писателем Михаилом Шолоховым, который долгие годы ухаживал за могилой героя. На Мамаевом кургане установ-

лена мраморная плита с именем Нуркена Абдилова, а имя летчика золотыми буквами внесено в список защитников родины музея на Поклонной горе в Москве.

Согласно статистике Казахстан потерял в войне свыше 400 тысяч человек. В России есть немало организаций, которые проводят трудную, но очень важную работу: ведут поиск родственников солдат, погибших в годы войны.

Источник: <http://ekaraganda.kz>
Полный текст публикации на сайте



Мы едины!

Новости региона

ПО-ОСОБОМУ ОТМЕТИЛИ ПРАЗДНИК ЕДИНСТВА

Челлендж по приготовлению национальных блюд, конкурсы и выставки в режиме онлайн. Так по-особому в Приозерске во время режима ЧП отметили Праздник единства народа Казахстана

Славянский центр «Исток». В этот день здесь испекли различные пироги с картофелем, яйцами и капустой. А в

народа Казахстана.

Единству народа не страшна никакая пандемия, говорят горожане.

В режиме ЧП каждый житель Приозерска мог принять участие в празднике. Молодежь на балконах исполнила гимн Казахстана. А местные деятели искусства дали онлайн-концерт.



этнокультурном центре «Арзу» приготовили азербайджанское национальное блюдо «Долмы». Все эти вкусности раздавали врачам и полицейским, которые дежурят на блокпостах.

Ахмед НЕМАТОВ, председатель этнокультурного общественного объединения «Арзу»:

- Наш центр был открыт первого мая 2012 года. В Приозерске проживает более ста тридцати азербайджанцев. И все они вносят свой вклад в развитие города. От имени азербайджанского народа поздравляю всех с Праздником единства

Кайрат КАМЗИН, аким города Приозерск:

- Этот день собирает нас всех под одним Шаньраком. В этом году единство нашего народа празднуем в особых условиях. Весь мир проходит непростое испытание. Но только все вместе мы всё преодолеем.

В этот день школьники устроили онлайн-соревнования по шахматам. Была организована выставка декоративно-прикладного искусства, которая так же прошла в режиме онлайн.

Кирилл ВАСИЛЬЕВ
<http://kartv.kz>

МАМИН ПОРУЧИЛ УСКОРИТЬ СТРОИТЕЛЬСТВО ДОРОГ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аскар Мамин в ходе рабочей поездки в Карагандинскую область проинспектировал ход реализации госпрограмм «Нұрлы жол» и «Нұрлы жер», передает Tengrinews.kz со ссылкой на официальный сайт премьер-министра.

области дорожно-строительными работами будет охвачено свыше 800 километров дорог.

Премьер-министр поручил усилить темпы дорожно-строительных работ и подчеркнул важность обеспечения качества создаваемой транспортной инфраструк-



Глава правительства ознакомился с ходом реконструкции автодороги Караганда – Балхаш общей протяженностью 363 километра. В ремонтных работах задействовано 1800 рабочих и около 900 единиц техники.

В текущем году планируется обеспечить открытие движения по новому покрытию на всем протяжении дороги, а также построить 297 водопропускных труб, 17 мостов, два путепровода на транспортной развязке и 33 путепровода для проезда сельхозтехники.

Всего в 2020 году в рамках госпрограммы «Нұрлы жол» в Карагандинской

туры.

В городе Балхаше Аскар Мамин ознакомился с ходом строительства социального жилья в рамках программы «Нұрлы жер», а также проектом реконструкции аэропорта и повышения туристического потенциала региона.

Глава правительства также посетил Балхашский медеплавильный завод ТОО Kazakhmys Smelting, где был ознакомлен с производственным процессом и планами по дальнейшему развитию предприятия.

Источник: <https://aqparat.info/news>

**СОХРАНИТЕ ПАМЯТЬ
О СВОЕМ РОДСТВЕННИКЕ –
УЧАСТНИКЕ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
1941 – 1945 гг.**

**ПРОЕКТ «ДОРОГА ПАМЯТИ»,
ПРИНЯТЬ УЧАСТИЕ В НЕМ МОЖЕТ КАЖДЫЙ**

В рамках проекта «Дорога памяти» Вы можете увековечить память о своих родственниках, принявших участие в Великой Отечественной войне 1941 – 1945 гг. Для этого Вам необходимо зайти на Интернет-сайт «Дорога памяти» (<https://foto.pamyat-naroda.ru/>) и внести минимальный набор сведений: фамилию, имя, отчество, год или точную дату рождения и фотографию участника Великой Отечественной войны.

Сведения об участнике войны также можно направить по почте на адрес 119160, г.Москва, Большой Знаменский пер., д. 81. На конверте необходимо сделать пометку (написать) – «Дорога памяти». Консультативная поддержка участников проекта по вопросам направления сведений почтой оказывается по следующим телефонным номерам: +7 (495) 696-71-32 или +7 (495) 696-71-36.

«Дорога памяти» – это постоянно обновляемый новыми сведениями и фотографиями ресурс, а также интерактивная площадка для создания истории каждой семьи, чьи родственники участвовали в Великой Отечественной войне 1941 – 1945 гг.

Проект «Дорога памяти» реализуется Министерством обороны Российской Федерации в рамках утвержденного Президентом России перечня поручений по совершенствованию мер, направленных на увековечение памяти о защитниках Отечества.

**К 75-ЛЕТИЮ ПОБЕДЫ В ВЕЛИКОЙ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ**



ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник

Занесите по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Антоний)
8-747-970-25-81 (Карлыгаш).
На маникюр:
8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР**

НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация,
отопление на твердом топливе.
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.
Тел.: 87070343737,
(87212)44-30-35

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Мухачевой Любови Николаевны,
01.01.1948 года рождения, умершей 06 ноября 2019 года.
Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б.
по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б,
тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 19/663. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.